

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2012 жылғы 1 наурыздағы ағымдағы жағдайы

2012 жылғы 1 наурызда республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Ақпан айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

13 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 11 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ қорларға кастодиандық қызмет көрсетті.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сәйкес ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап жинақтаушы зейнетақы қорлары өз есебінен инвестициялық портфельдің: консервативті және қалыпты түрлерін қалыптастырады.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 2 734,9 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша - 2 701,9 млрд.теңге, консервативті инвестициялық портфель бойынша - 33,0 млрд.теңге) 8 157 171 (оның ішінде қалыпты инвестициялық портфель бойынша - 7 927 280, консервативті инвестициялық портфель бойынша - 229 891) болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны ақпанда 18 749 (0,23%) азайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 44,6 млрд. теңге (1,7%) ұлғайды.

2012 жылғы 1 наурызда міндетті зейнетақы жарналары бойынша барлық қорлар салымшыларының жалпы санының салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 27,88%, «ГНПФ» – 21,97% және «Ұлар Үміт» – 19,08%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2012 жылғы 1 наурыздағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 150 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны ақпанда 89 бірлікке (0,23%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 117,4 млн. теңгемен 4 108 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2012 жылдың басында 89,4 млрд. теңгеге (3,4%) ұлғайып, 2012 жылғы 1 наурызда 2 740,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі 2012 жылғы ақпанда 38,6 млрд. теңгеге (1,9%) ұлғайып, 2012 жылғы 1 наурызда 2 079,7 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 590,4 млрд. теңге болды. 2012 жылғы ақпанда «таза» инвестициялық кіріс 15,6 млрд. теңгеге (2,7%) ұлғайды.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2012 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге					
	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.03.12	1.01.12 салыстырғандағы өсім	1.01.12 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 651,4	2 740,8	89,4	3,3
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	2 003,7	2 079,7	76,0	3,8
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	555,1	590,4	35,3	6,4
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	20,9	21,5	-	0,6%- дық тармаққа

2012 жылғы 1 наурызда жинақталған зейнетақы қаражатының ең көп сомасы 4 қорда жинақталды: «Қазақстан Халық Банкі» – 915,4 млрд. теңге (33,5%), «МЖЗҚ» – 505,4 млрд. теңге (18,2%), «Ұлар Үміт» – 403,1 млрд. теңге (14,7%) және «Грантум» - 255,2 (9,4%), барлық қорлардағы жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінің немесе осы 4 қорға барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 75,8% келеді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы 2012 жылғы ақпанда 105 млн. теңгеге (0,87%) ұлғайып, 2012 жылғы 1 наурызда 12,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 252,1 млрд. теңге болды немесе 2012 жылғы ақпанда 9,0 млрд. теңгеге (3,7%) ұлғайды.

2012 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 3,4 млрд. теңгеге 2098 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2012 жылғы 1 наурызда 36,1 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында

жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару 1 508,7 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2012 жылғы ақпанда 46,3 млрд. теңгеге немесе 1,7%-ға өсіп, 2 745,0 млрд. теңге болды.

2011 жылғы 1 наурыздан бастап 2012 жылғы 1 наурызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 40,4 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЖЗҚ атауы	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ "Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ	916 564	33,39
"ГППФ" ЖЗҚ" АҚ	507 008	18,47
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	403 030	14,68
"ГРАНТУМ"ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	256 471	9,34
"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ ЕҰ	151 037	5,50
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	149 157	5,44
"НефтеГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	110 676	4,03
"Атамекен" ЖЗҚ" АҚ "Нұрбанк" АҚ ЕҰ	83 784	3,05
"Отан" АЖЗҚ" АҚ	74 709	2,72
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ" АҚ	70 071	2,56
"Индустриалды Қазақстан" ЖЗҚ" АҚ	22 537	0,82
Барлық ЖЗҚ бойынша жиынтығы	2 745 044	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 2012 жылғы ақпанда 39,5 млрд. теңгеге немесе 1,5%-ға ұлғайып, 2012 жылғы 1 наурызда 2 691,1 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының үлесі 2012 жылғы 1 наурызда 1 294,7 млрд. теңгеге сәйкес болып, инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 48,1%-ын құрады. 2012 жылғы ақпанда ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемінің өсуі 66,3 млрд. теңгені құрады.

2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 714,5 млрд. теңгеге сәйкес болып, инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 26,6%-ын құрады. 2012 жылғы ақпанда ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының көлемі 4,8 млрд. теңгеге өсті.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.02.2012ж.		1.03.2012ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 228 433	46,3	1 294 708	48,1
ҚР еурооблигациялары	0	0,0		0,0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 081 142	40,8	1 130 438	42,0
Ұлттық Банктің ноттары	141 655	5,3	158 610	5,9
жергілікті атқару органының бағалы қағаздары	5 636	0,2	5 660	0,2
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	151 737	5,7	155 527	5,8
акциялар	18 934	0,7	19 638	0,7
облигациялар	132 803	5,0	135 889	5,1
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0,0	0	0,0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	97 939	3,7	63 685	2,4
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	132 715	5,0	117 560	4,4
Тазартылған алтын	128 289	4,8	118 969	4,4
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	709 678	26,8	714 519	26,5
акциялар	146 212	5,5	145 670	5,4
облигациялар оның ішінде:	563 465	21,3	568 849	21,1
шетел валютасында номинирленген	27 113	1,0	27 405	1,0
теңгеге номинирленген	536 352	20,2	541 444	20,1
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	203 715	7,7	226 790	8,4
Туынды бағалы қағаздар	-886	0,0	-671	0,0
Жиынтығы	2 651 620	100	2 691 087	100

Эмитенттердің бағалы қағаздардың шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздарының үлесі 2012 жылғы 1 наурызда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,7%-ын құрады, абсолюттік мәнінде 18,8 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің (К2) орташа алынған коэффициенті мынадай болып келтірілген:

	%		
	5 жылдық кезеңде	3 жылдық кезеңде	12 айда
Қалыпты инвестициялық портфель бойынша орташа алынған К2	27,34	19,22	4,70
Консервативті инвестициялық портфель бойынша орташа алынған К2	26,21	18,21	1,45
Жинақталған инфляция деңгейі	57,99	22,34	4,70
Түзетілген орташа алынған К2	-	-	26,75

Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 90,5 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 49,8 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 55,1%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 100,4 млрд. теңге болды.

2012 жылғы қаңтар - ақпан айларында 5 қор («ҰларҮміт», «Атамекен», «Индустриалды Қазақстан», «Отан» және «Капитал») жалпы сомасы 2,4 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 6 қор жалпы сомасы 5,4 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың кірісінің жалпы сомасы 2012 жылғы 1 наурызда 3,0 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2012 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 75,9 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 75,6%-ы болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестицияларының негізгі үлесін инвестициялардың жалпы көлемінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары 50,5%-ын алады. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары инвестициялардың жалпы көлемінің 19,2%-ын, екінші деңгейдегі банктердегі салымдары 26,5%-ын құрады.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.01.12	1.03.12
ЖІӨ млрд.теңге	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 815,5	27 300,6*	31 297,5 *
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,4	8,8	10,9	10,4	9,7	8,8
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	7,1	7,4	8,8	8,4	7,3	6,6
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,6	1,9	2,8	2,6	2,0	1,9
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,3	0,4	0,4	0,3	0,3

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері